

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Грек Республикасы Үкіметінің арасында Білім және мәдениет саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 7 сәуірдегі N 384 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 2002 жылғы 26 маусымда Алматы қаласында жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Грек Республикасы Үкіметінің арасында Білім және мәдениет саласындағы ынтымақтастық туралы келісім бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министри

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Грек Республикасы Үкіметінің арасында Білім және мәдениет саласындағы ынтымақтастық туралы **КЕЛІСІМ**

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын, Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Грек Республикасының Үкіметі,

өзара түсіністік, достық негізінде білім беру мен мәдениет саласында екі ел арасындағы ынтымақтастықты дамытуға тілек білдіре отырып,

мұндай ынтымақтастықтың жақсы өзара түсіністікке және әртүрлі деңгейлердегі қарым-қатынастарды нығайтуға ықпал ететіндігіне сенгендейдіктен,

төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Тараптар білім беру саласындағы ынтымақтастықты мынадай нысандарда жүзеге асыратын болады:

- білім беру мәселелері бойынша ақпаратпен алмасу;

- оқу материалдарымен және оқыту әдістемесімен алмасу, оқу бағдарламаларын дамыту мен жетілдіруге жәрдем көрсету;

- Тараптар мемлекеттерінің тілдері мен әдебиетін оқытуға және үйренуге жәрдем көрсету;

- олардың қаржы-қаражаттарына сәйкес стипендиялармен алмасу.

2-бап

Тараптар Тараптар мемлекеттерінің оқу және мәдени орындары мен ұйымдарының арасындағы білім беру мен мәдениет саласындағы ынтымақтастықты орнықтыру мен дамытуға ықпал ететін болады.

3-бап

Тараптар Тараптар мемлекеттерінде қолданылып жүрген зандар мен ережелерге сәйкес Тараптар мемлекеттерінің құзыретті органдарына сертификаттарды, аттестаттарды, дипломдарды, ғылыми дәрежелер мен атақтарды тануына жәрдемдесу мақсатында ақпаратпен және құжаттамамен алмасатын болады.

4-бап

Студенттермен, зерттеушілермен, ғылыми-педагогикалық қызметкерлермен өзара алмасу тараптар мемлекеттерінің мұдделі ұйымдарының арасындағы тікелей шарттарға сәйкес жүзеге асырылатын болады, онда Тараптар мемлекеттерінің жіберуші және қабылдаушы білім беру ұйымдарының құқықтары, міндеттері мен жауапкершілігі белгіленетін болады.

5-бап

Тараптар мәдениет салаларында өзара қызығушылық тудыратын ынтымақтастықты көтермелей отырып, дамытатын болады, атап айтқанда:

- театр, музыка ұжымдарымен, сондай-ақ жекелеген солистермен алмасу;
- мәдениет пен өнер саласында сарапшылармен алмасу;
- кинематография саласындағы ынтымақтастық, атап айтқанда, кинофильмдермен алмасу, бірлескен түсірілімдер;
- Тараптардың бірі ұйымдастыратын халықаралық фестивальдарға катысу;
- халық шығармашылығының көркемсурет көрмелерімен алмасу;
- әдебиет саласындағы ынтымақтастық.

6-бап

Тараптар Тараптар мемлекеттерінің мұражайлары, кітапханалары мен мұрағаттары арасындағы ынтымақтастық пен ақпарат алмасуды көтермелейтін болады.

7-бап

Тараптар Тараптар мемлекеттерінің тиісті мемлекеттік және қоғамдық ұйымдарының жекелеген мамандарының қатысуымен мәдени мұраны сактау мәселелері жөнінде семинарлар мен симпозиумдар ұйымдастыратын болады.

8-бап

Тараптар Тараптардың бірі ұйымдастыратын мәдениет мәселелері жөніндегі халықаралық конференцияларға, кездесулер мен конкурстарға олардың өкілдерінің қатысуына жәрдем көрсететін болады.

9-бап

Тараптар мәдениет қызметкерлерімен кездесулер өткізуді және алмасуларды, көркем білім беру саласында тәжірибе және мамандар алмасуды, сондай-ақ бірлескен мәдени бағдарламаларды көтермелейтін болады.

10-бап

Тараптар осы Келісімді орындау мақсатында бірлескен комиссия құрады, ол екі Тараптың өкілдерінен тұратын болады. Комиссия осы Келісімді қолдануға байланысты мәселелерді қарайды, Ынтымақтастық бағдарламасының тетіктерін, сондай-ақ олардың

қаржылық жағдайын өзірлейтін болады.

Комиссияның мәжілісі әрбір үш жылда кезекпен Астанада және Афинида өтетін болады.

11-бап

Осы Келісім оның күшіне енуі үшін қажетті барлық мемлекетішлік ресімдердің орындалғаны туралы бір-біріне хабарландырған күнінен бастап күшіне енеді.

Осы Келісім бес жыл бойы күшінде қалатын болады және егер де Тараптардың бірде-бірі кезекті мерзімнің бітуіне алты ай қалғанша дипломатиялық арналар арқылы оның күшін жою турагы өзінің тілегін жазбаша білдірмесе, келесі бес жылға өздігінен ұзартылатын болады.

Алматы қаласында 2002 жылғы 26 маусымда қазақ, грек, ағылшын және орыс тілдерінде екі түпнұсқалық данада жасалды, барлық мәтіндердің күші бірдей. Келіспеушіліктер болған жағдайда ағылшын тіліндегі мәтін үстем болып табылады.

Қазақстан Республикасының

Грек Республикасының

Үкіметі үшін

Үкіметі үшін

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК